

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ



ПРЕМЬЕР-МИНИСТР
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына

2024 жылғы 4 қазандағы
№ ДС-325 хатқа

Құрметті депутаттар!

Ауыл шаруашылығы мамандарын даярлауға қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлаймыз.

Аграрлық бейіндегі жоғары оқу орындарын Ғылым және жоғары білім министрлігінің басқаруына беру туралы

Аграрлық жоғары оқу орындарын (С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті) бейінді ведомствоның қарауына беруге білім беру, салалық ғылым және өндіріс байланысын күшейту қажеттігі себеп болды.

Соңғы жылдары Ауыл шаруашылығы министрлігінің үйлестіруімен саланы дамыту басымдықтарына сәйкес аграрлық бейіндегі жоғары оқу орындарының білім беру және ғылыми-зерттеу қызметін күшейту бойынша бірқатар шаралар қабылданды.

Агроөнеркәсіптік кешеннің инновациялық дамуына жәрдемдесу мақсатында ЖОО-ның бірыңғай операторы Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы (бұдан әрі – ҰАҒБО) болып табылады.

Агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың 2021-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасында¹ ҰАҒБО-ны «ЖОО – ҒЗИ – АШТС (ауыл шаруашылық тәжірибелік станциясы) – бизнес» агротехнологиялық хабқа трансформациялау жөніндегі шаралар көрсетілген вертикалды интеграцияланған бұл «ғылыми зерттеулер – кадрлар даярлау – өндіріс» принципін жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Бұл ретте салалық жоғары оқу орындарының ведомстволық тиесілілігінің бұл тәсілін басқа мемлекеттік органдар қолданады. Мәселен, Денсаулық сақтау министрлігіне 5, Мәдениет және ақпарат министрлігіне 3 жоғары оқу орны қарайды.

¹ 2024 жылғы 28 ақпандағы № 132 ҚРҰҚ бекітілген

Ғылым және жоғары білім министрлігінің (*бұдан әрі – ҒЖБМ*) міндеттері бірыңғай мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру, ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет саласында салааралық үйлестіруді жүзеге асыру болып табылады.

Қазіргі уақытта Мемлекет басшысының тапсырмасын² іске асыру үшін жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру сапасын арттыруды ынталандыруға (*жетекші шетелдік жоғары оқу орындарымен стратегиялық әріптестікті дамыту, ұлттық рейтинг) және университеттер лигасын қалыптастыру, сараланған мемлекеттік тапсырыс және т.б.*) барлық жоғары оқу орындарында халықаралық стандарттар мен салалық еңбек нарығының талаптарына сәйкес кадрлар даярлауға бағытталған тетіктер әзірленді.

Осылайша, қабылданып жатқан шаралар ҒЖБМ тарапынан салааралық үйлестіруді қамтамасыз ете отырып, жоғары оқу орындарының ведомстволық тиесілігіне қарамастан кадрларды даярлау сапасына бағдарланған.

Мектеп оқушылары арасында кәсіптік бағдарлауды күшейту, «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар» мамандығы бойынша ұл балаларды оқытуға назар аудару туралы

Бүгінгі күні ауыл шаруашылығы мамандықтары бойынша 7212 адам, оның ішінде 3677 қыз (немесе 51%) білім алуда. 2023-2029 жылдарға арналған мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың және жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамаларында мектептерде колледждер мен жоғары оқу орындарын тарту арқылы кәсіптік бағдарлау жұмыстарын дамыту шаралары қарастырылған.

Осы мақсатта 9-11 сынып оқушылары үшін кәсіптік бағдарлау жұмыстарының тәртібі, диагностика жүргізу және оқушылардың кәсіптік бағдарын анықтау бойынша әдістемелік ұсынымдар бекітілді. 5 мыңнан астам кәсіптік бағдар беру педагогтері оқушылардың негізгі білім беру бағдарламаларымен қатар белгілі бір кәсіп түрлеріне бейімділігін анықтауға бағытталған іс-шаралар кешенін жүзеге асыруда.

10-11 сынып оқушыларының болашақтағы мамандығына дайындалу үшін үлгілік оқу жоспарларында ұсынылған «Таңдау пәндері» тізімінен оқу пәндерін таңдау мүмкіндігі бар. Мектептерде жоғары сынып оқушыларын саналы түрде мамандық таңдауға бағыттайтын «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәні енгізілген.

Осыған байланысты кәсіптік бағдар беру жұмыстары барлық оқушылардың ақпаратқа тең қолжетімділігін қамтамасыз етеді және оны жынысы бойынша (*«Ауыл шаруашылығы және биоресурстар» бағыты бойынша*) басымдыққа айналдыру азаматтардың конституциялық құқықтарын шектеуге әкелуі мүмкін.

Өз кезегінде жоғары оқу орындары әкімдіктермен бірге мектеп және колледж түлектері, ата-аналар үшін үнемі ашық есік күндерін, онлайн тестілеуді, жоғарғы оқу орындары оқытушыларымен, қабылдау комиссияларының қызметкерлерімен және студенттермен кездесу ұйымдастырып тұрады. 2023

² 2024 жылғы 2 қыркүйектегі Жолдаудағы деректер

жылдан бастап талапкерлерге жеке тестілеуден өтуге, мамандық пен білім беру бағдарламасын таңдауға мүмкіндік беретін «EduNavigator» онлайн-платформасы жұмыс істейді.

Анықтама: 2023 жылғы қабылдау науқаны барысында жоғары оқу орындарының өкілдері 5 мыңнан астамын (немесе барлық мектептердің 75%) аралады. 100 мыңнан астам талапкер жоғары оқу орындарынан онлайн кеңес алды және білім беру бағдарламалары туралы толық ақпаратқа қол жеткізді.

«Ауыл шаруашылығы және биоресурстар» мамандығы бойынша жергілікті атқарушы органдардың білім беру гранттарын бөлу және мемлекеттік тапсырыс бойынша жоғары оқу орындарын бітірген мамандардың жұмысқа орналасуын растау үшін электрондық дерекқор құру туралы

«Білім туралы» Заңға сәйкес жергілікті атқарушы органдар (бұдан әрі – ЖАО) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысын (бұдан әрі – мемлекеттік тапсырыс) бекітеді.

Осылайша, 2023-2024 оқу жылында ЖАО бакалавриат бағдарламалары бойынша 2470 грант (2024-2025 оқу жылында шамамен 2500 грант), оның ішінде «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар» мамандығына 51 грант бөлді.

Мемлекеттік тапсырыс бойынша жоғары оқу орындарын бітірген мамандардың жұмысқа орналасуын растау үшін электрондық дерекқор құру мақсатында Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі ҒЖБМ-мен бірлесіп, міндетті зейнетақы аударымдары негізінде түлектердің жұмысқа орналасуына мониторинг жүргізу үшін ақпараттық жүйелерді (ҚР ЕХӘҚМ еңбек шарттарын есепке алудың біріңғай жүйесі және ҚР ҒЖБМ жоғары білім берудің біріңғай платформасы) интеграциялау бойынша жұмыс жүргізуде.

Аталған бағыттар бойынша жұмыстар жалғасуда және Үкіметтің бақылауында болады.

О. Бектенов